

№41 «Назерке» бөбекжай - балабақшасы



№9 «Балапан» ортаңғы тобы

АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС ЖИНАҒЫ

Тәрбиешілері: Тоқан Г.М.
Құдайберген А.А.

Ақтөбе қаласы, 2025 жыл

«Бекітемін»

№ 41 «Назерке» бөбекжай

балабақша меңгерушісі

Уртамбева А.Г.

«28» 08 2024 - 2025 ж.

Ата – аналармен жұмыс
№ 9 «Балапан» арнайы ересек тобы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Мерзімі
1	1.Ата-аналар жиналысы «Отбасы балабақша бірлігі» 2.Танысу тренингі (додоказдр) 3.Сауалнама «Жанұяны әлеуметтік жағдайы» 4.Баяндама «Балаңыздың балабақшаға бейімделуі» 5.Тренинг: «Тату достар» 6.Челлендж: «Отбасым мақтанышым» 7.«SMART BALA» жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы кадам» 8. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жарқын әлемге»	Қыркүйек
2	1.Дәрігерлік кеңес: «Тұмаудың алдын алу» 2.Қабырға газеті: «Қарттарым асыл қазынам» 3.Жәрменке: «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрменкесі 4.Сурет көрмесі: «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» 5.25- қазан Қазақстан Республикасы күніне арналған іс шара «Менің Отаным Қазақстан» 6.«Баланың қол еңбегін арттыру үшін не істеу керек?» Кеңес	Қазан
3	1. Сауалнама: «Сіз қандай ата-анасыз?» 2. Дәрігерлік кеңес: «Қызылшадан қалай сақтануға болады»	Қараша
4	1.Баяндама: «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» 2.Тренинг: «Жүрек жылуы» 3.«Тәуелсіз ел Қазақстан» тақырыптық сағат 4. «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Шырша ойыншықтары» ата- аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрменкесі	Желтоқсан
5	1.Дәрігерлік кеңес: «Тұмаудан сақтану жолдары» 2. Фотосурет көрмесі «Біздің қызықты демалысымыз» 3. «Қыста, құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау)челлендж	Қаңтар
6	1.Жылжымалы папка: «Дәрумендер» 2.Қабырға газеті «Шынығамыз бірге біз» 3.Баяндама:«Балалардың жас ерекшеліктеріне сипаттама» 4. «Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан жасалған қол өнер бұйымдарының көрмесі	Ақпан

7	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Ізгіліктің бір ізі- алғыс» челлендж 2.«Ана-өмір шуағы!» ертеңгілік 3. «Көктемгі әсем гүлдер» сурет көрмесі 4.«Ұлттық мәдениет- ұлттық киімдер» челлендж 5. «Наурыз, той-думан!» мерекелік шара 	Наурыз
8	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Кұстарға ұя сыйлаймыз!», «Экологиялық фотогазеттер» акция 2.«Ішек инфекциясы» дәрігерлік кеңес 3.«Ата-анаға психологиялық кеңес» 	Сәуір
9	<ol style="list-style-type: none"> 1.«Достықтың кілті бірлікте!» сурет көрмесі 2. «Шебер әке» қол өнер байқауы 3.«Ер есімі ел есінде» жылжымалы папка 4.«Жақсы бала, ата-ана қуанышы» ата – аналар жиналысы 5.«Өмірімдегі мақсат тілек гүлі» психолог 	Мамыр

№ 41 Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Ата-аналар жиналысы

№9 «Балапан» ортаңғы тобы

Тақырыбы: «Отбасы балабақша бірлігі»

**Тәрбиешілер: Корманбекова Д.Р
Тоқан Г.М**

Тақырыбы: «Отбасы балабақша бірлігі»

Мақсаты: Баланың бас ұстазы ата-ана екендігін, отбасы мен балабақша бірлестігі мен байланысын ұйымшылдығын нығайту. Ұлттық салт дәстүрлерімізді бойларына сіңіртіп өсіруге шақыру. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жақын таныстыру.

Күн тәртібінде:

1. Танысу тренингі «Додоказдр» ойыны.
2. «Баланың балабақшаға бейімделуі» баяндама.
3. Ата-ана, тәрбиеші, бала – пікір айту
4. «Қызылша ауруы туралы не білеміз?» медбике Бурханова З.Т
5. Сауалнама: «жанұяның әлеуметтік жағдай»
6. «Тату достар» тренинг ойыны.
7. Ата-аналар комитетін сайлау.
8. Әр түрлі мәселелер:

Керекті көрнекі құралдар: үш түсті асықтар, жұмыртқаны жарып шыққан балапанның суреті, додокэдр.

Жиналыс барысы:

Топқа кіру. Ата -аналар топқа «смайлик» түрлерін таңдай отыра көңіл күйін іс әрекетін көрсетіп топқа кіреді.

Алғы сөз: Балабақша меңгерушісі Артамбаева А.Г беріледі.

1.Танысу «**додокэдр**» ойыны ойналады. Ата-аналар додокэдр айналдыра түскен сұраққа жауап береді.

Кіріспе сөз:

2.«Балаңыздың балабақшаға бейімделуі» баяндаманы оқитын тәрбиеші
Корганбекова Д.Р

3. Ата-ана, тәрбиеші, бала – пікір айту. Үш топқа бөлінеді баланың өсуіне
әсерін өз пікірлерімен жаза отырып толық пікір айтады.

4. «Қызылша аурулары туралы не білеміз?» және де басқа тазалық
туралы медбике Бурханова З.Т.

5.Сауалнама: «жанұяның әлеуметтік жағдай» сауалнаманы толтырады.

6. «Тату достар» тренинг ойыны. Тренингке ата-аналар барлығы қатысады.

1.еден жуу-екі ата-ана

2.капитан-үш ата-ана

3.гимарат-төрт ата-ана бірлесіп тату берілген тапсырманы орындауы керек.

7. Ата-аналар комитетін сайлау. Ата-аналар бірауыздан комитет төрайымы
етіп : Қанышпаева Жазира Алтынбекқызы тағайындалды

Мүшелері: Қосмағамбетова Жазира Сырымқызы

Рахметжан Акмарал

8. Әр түрлі мәселелер бойынша әңгімелер жүргізілді.Тазалық,балабақша
тәртібі туралы айтылды. Балабақшадан қалмау ,уақытында келу керектігі
айтылды.

**Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау сауалнамасының қорытынды парағы
2024-2025 оқу жылы**

№9 «Балалар»	Жалпы бала саны	Аз балалы отбасы	Көп балалы отбасы	Қамқорлыққа алынған бала саны	Ата-ананың													Жеке тұрғын үй			Балалардың балабақшадан тыс мекемеге қатысуы		Отбасы құрамы		Отбасы жағдайы		
					Жасы						Білімі							Пәтер бар	Жалдамалы пәтерде	Ата-аналармен бірге	Қатысалы	Қатыспайды	Толық	Толық емес	Жақсы	Орташа	
					Әке 34			Ана 34			Әке			Ана													
20-25	26-35	36-45	46-55	20-25	26-35	36-45	45-55	Жоғары	Арнаулы орта	Орта	Жоғары	Арнаулы орта	Орта														
34	59	41	-	6	59	32	3	12	73	12	3	44	53	3	59	41	-	70	12%	18	9%	91%	97%	3%	23	26	
	%	%		%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	%	77%

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақша әлеуметтік педагогы: А.Б.Мәмбетова

Ортаңғы «Балапан» тобының ата-аналар комитетінің тізімі
2023-2024жылғы

Топтың тәрбиешілері: Тоқан Гулжанат Мұратбекқызы
Корганбекова Динара Рамазанқызы

Ата-аналар төрайымы: Қанышбаева Жазира Алтынбекқызы	87770317191
Көмекші: Қосмағамбетова Жазира Сырымқызы	87715174733
Көмекші: Рахметжан Ақмарал	87023333870
Қамқоршылық кеңес мүшесі: Қоныратбаева Жаннұр	87052592484

Ата-аналар:

Атот-нони

Тарихи

1. Рахметов А. А.

2. Саганбай А. Саф.

3. Қасимов Замидовна Н. Саф.

4. Бариев А. Саф.

5. Мирзатенов М. Саф.

6. Акербаев А.Х.

7. Сарбулатова А. Саф.

8. Қамбаров Н. Саф.

9. Мақсатов М. Саф.

10. Замидов Н.А. Замидов

11. Сейитов А.А. Саф.

Дисемалиева Н.Д. Саф.

Жамолжарина А. Саф.





МКҚК № 41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медицина – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері

Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі - өнегелі, жігерлі, дербестік, және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы.

Балаларды мектептегі оқуға бейімдеп, жетілдіруде психологиялық-педагогикалық диагностикаға қатысты негізгі жағдайларды белгілі бір қисынға келтіруге болады:

- Мектепке жетілдіру мен оқуға бейімдеу барысы деңгейінің өлшемдері, оқу бағдарламасындағы оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарымен байланысты болып табылады;

- Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

- Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.

- Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

- Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.

Сауалнама
Жанұяның әлеуметтік жағдайы
2024-2025 оқу жылы

1. Балаңыздың аты-жөні: _____
 - Туған жылы, айы, күні : _____
 - тобы: _____
 - ұлты : _____
2. Әкесінің аты-жөні: _____
 - Әкесінің жасы: _____ ұлты: _____
 - Әкесінің білімі: _____
 - Әкесінің жұмыс орны: _____
3. Анасының аты-жөні: _____
 - Анасының жасы: _____ ұлты: _____
 - Анасының білімі: _____
 - Анасының жұмыс орны: _____
4. Отбасынадағы бала саны: _____
5. Отбасы құрамы: (толық, толық емес) астын сызу
6. Отбасы жағдайы: (жақсы, орташа, аз қамтылған) астын сызу
7. Жеке тұрғын үй: (астын сызыңыз)
 - Жеке үйіміз бар
 - Жалдамалы пәтерде тұрамыз
 - Ата-анамызбен бірге тұрамыз
8. Балаңыздың жеке бөлмесі бар ма? _____
9. Балаңыз бос уақытында немен айналасады? _____
10. Балаңыз қандай үйірмеге қатысады?



Ата-ана

Тәрбиеші



1) тәртіпті

2) тоңдай білу

3) аңыздар болу

4) тил аяқпен

5) сарнасу

6) ағам бейбітшілік

7) қанаттылық
түрлері білу

8) адам аяғы
Баала



«Отбасым мақтаньшым»



Ілескен Асылым

«Отбасым мақтанышым»



Нұрбек Айзия



Бектұрған Алихан

«Қарттарым асыл қазынам»

“ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ”

01

ҚАЗАН

2024



ҚҰРМЕТТІ АТА-ӘЖЕ!

Үлесім сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өміріміз, тәжірибеңізі бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағалымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Себебі, біздің өсіп-өрімімізге қосқан үлестеріңіз бен сөздеріңіз ерелі. Таалай жасты ітәріне әлп, еңбегарларыңызды өспіріңіздер. Бүгін, сөздеріңіздің әсінетін көрші отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен игіліктің, пайым парасатың үлгісіні шыншудан жеткізген емесіздер.



«Атаң не қылсаң, алаң не сол жемел» деген сөз бар. Жастарымыз ата-анасының қадірін есті білмейтін үшкіс сәкі. Қарттары бар ел бақытты ел. Сондықтан ел бақыты «Үнсіз Ел, Қанша Қыстау» үнімізде таққан сүйек, «Ұрпақ Қалқар» болып Қарттарымыз Қатан да аман болсын!

Дайындаған: Бектүрған Алихан №9 "Балапан" тобы.

Ата-аналарға тұмаудың алдын алу туралы.



Ата-аналарға тұмаудың алдын алу туралы

Балалардағы ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған жадынама

Алдын алу шаралары қарапайым гигиена ережелерін сақтаудан тұрады:

- күн тәртібін сақтау;
- гипотермиядан, қызып кетуден аулақ болыңыз;
- қолды сабынмен үнемі және мұқият жуу;
- жеке гигиена заттарын пайдалану;
- жөтел, түшкіру кезінде қол орамалын пайдалану;
- бөлмені үнемі желдетіп, дымқыл тазалау.

Аурудың алғашқы белгілері пайда болған жағдайда:

- наукастың отбасының басқа мүшелерімен қарым-қатынасын шектеу;
- маманның көмегіне жүгіну;
- баланы білім беру ұйымына жібермеу.

Бүгінгі таңда тұмауға қарсы ең жақсы профилактика-вакцинация!

Вакцинациядан қорқудың қажеті жоқ, өйткені оның құрамында тірі вирустар емес, белсенді емес, яғни баланың иммунитетіне әсер ететін фрагменттер бар. Сонымен қатар, баланы үнемі катайту, спортпен шұғылдануға ынталандыру, ашық ауада жиі серуендеу және дұрыс тамақтануды бақылау маңызды. Сонда оған ешқандай тұмау немесе ЖРВИ қорқынышты болмайды.

Балаларды, өзіңізді және денсаулығыңызды қорғаңыз!

МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Менің Отаным – Қазақстан!»

**Тәрбиешілер: Тоқан Г.М
Корганбекова Д.Р**

Ақтөбе-2024

"Менің Отаным-Қазақстан!"

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Шолсаң да биік аспаннан

Қарқырар кені тастардан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде,

асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей

толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз

Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,

Тоқтамайды дүбір әні.

Мәңгі бақи шырқалады,

Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: :- Қасиетті Қазақстан мекенім,

Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.

Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,

Болашағым, өнер - білім, өркенім.- Балалардың орындауында "Туған елім -

Қазақстан" әні шырқалады.

Ән: «Отаным менің Қазақстан!»

Отан менің ата- анам,

Отан досым бауырым

Отан өлкем Астанам

Балалар- Киіз үй деп айтамыз. (*кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.*)

Жүргізуші:- *-(киіз үйді көрсету)* Жарайсындар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойнын ұсынамын.

Ойын: «Киіз үй»

Жүргізуші: - Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар: - Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Жүргізуші:- Сән — салтанат жасайық,
Күйсандықты ашайық.
Бұл мереке, бұл тойға,
Отанға деген тақпақтарын арнайды:

Мариям:

Отаным менің Қазақстан
Бас иіп саған өтемін
Жасай бер жаса Қазақстан.

Мансур:

Отан – менің ата-анам.
Отан – досым, бауырым.
Отан – өлкем, астанам,
Отан туған ауылым.

Жүргізуші: - Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біз Отан туралы мақал-мәтелдер айтайық?

Алихан: Отан от басынан басталады.

Айзия : Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.

Анель: Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!



7.11.2024 «Бағдаршам және біз»

Сюжеттік-рөлдік драмалау ойындары ұйымдастырылды



«Аспаптар әлемі» сурет көрмесі



«№ 41 «Назерке» бөбекжай-балабақша

Кеңейтілген іс – әрекет

Тақырыбы: «Менің елім - Қазақстан!»

№ 9 «Балапан» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Токан Г.М

Коргамбекова Д.Р

2024-2025

Тақырыбы: «Менің елім - Қазақстан!»

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін кастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын байыту.

Көрнекіліктер: ҚР Рәміздерінің суреттері, Елбасымыз Қасым Жомарт

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Білер қазақ баласы

Сәлем сөздің анасы

Көп танысты көреміз

Алдымыздан кезіккен

Бәрінеде ізетпен

Иіліп сәлем береміз

Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметімізді Қазақстан Республикасының гимнмен бастайық.

ҚР Гимн орындалады.

Тәрбиеші: Балалар, біздің бүгінгі оқу қызметіміз ерекше. Балалар, алдымызда 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесі жақындап келеді. Біз аспаны ашық, сәуделі, кең, байтақ елде тұрамыз. Ол ел –Қазақстан

Біздің еліміз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы-Дұрыс, еліміз, Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады екен. Біздің еліміз осы күнге дейін Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, атажұрты, мекені, қонысы болады екен. Ал, біздің Отанымыз Қазақстан деп аталады екен.

Ал мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешеміз бе?

Алтын күн аспаны

Алтын дән даласы

Айтатын Әнұран

Қай елдің баласы (Қазақ елінің баласы)

2.Еліміздің тірегі,

Жеріміздің жүрегі

Бас қаланың есімін,

Қане кім біледі? (Астана)

3.Қос пырағым қос канат,

Шаңырағым күн менің

Шолпан жұлдыз маңдайда.

Елтаңбам ғой бұл менің (Қазақстан мемлекетінің Елтаңбасы)

4.Көк аспанның түсі бар

Ортасында күні бар.

Қыран ұшқан қалықтап ,

Кімнің туы біліп ал. (Қазақстан мемлекетінің Туы)

5.Туымыздан күн қарап

Күлімдейді әлемге

Күнмен бірге қандай құс.

Қанат к

акқан бар елге (Қыран)

Есімізге түсірейікші Туымыздың түсі қандай? Мына суретте не бейнеленген.

Балалар: Ту, Көк.

Көк ашық аспанды білдіреді. Қыран құс-еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігінің белгісі. Ою-өрнек қазақ халқының өнерінің, шеберлігінің белгісі. Балалар ал мынау не?

Балалар: Елтаңба.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар.

Бұл Қазақстан Республикасының Елтаңбасы.



Қызылша

Қызылша — бұл өте жұқпалы ауру, әсіресе, тамаққа жарымайтын немесе туберкулез ауруына шалдыққан балаларға қауіпті. Ауру адаммен байланыста немесе қасында болғаннан кейін он күннен соң суық тию белгілері бойынша басталады: бұлар — қызу, тұмау, көздің қабынуы және жөтел. Ауру сәт сайын үдей түседі. Ауыз іші қабынып, ісініп, іш өтуі мүмкін. 2 немесе 3 күннен кейін ауыздың шырышты қабығында тұздың жартысындай кішкентай ақ дақтар көріне бастайды. Одан кейін екі немесе үш күн өткен соң құлақта және мойында, сосын бетте және денеде, ең соңында қол мен аяқта бөртпелер пайда болады. Денеге бөртпелер шыққаннан кейін баланың жағдайы әдетте жақсарады. Бөртпелер 5 күннің ішінде шығып болады. Кейде тері астына қанның құйылуы (кара қызылша) салдарынан шашыраңқы кара дақтар (көгерген жерлер) байқалады. Бұл дерттің өте күшті екендігін білдіреді. Мұндайда дәрігерлік көмек керек. Қызылшамен ауырған баланы басқа балалардан бөлек ұстаған жөн. Әсіресе, тамаққа жарымаудан болатын аурумен ауыратын, туберкулезбен немесе бойға сіңіп кеткен басқадай аурумен ауыратын балаларды сақтандыру керек. Қызылшамен ауырып жатқан баласы бар үйге басқа үйдің балаларының келуіне болмайды. Қызылша ауруы бар үйдің балалары, егер олар бұл аурумен ауырмаған жағдайда мектепке, дүкенге немесе басқа да қоғамдық орындарға 10 күнге дейін баруына болмайды. Жас балалар организмінің қызылша ауруына қарсы тұрып, шетінемеуі үшін олардың жетіліп, ет алуы қажет. 8 айдан 14 айға дейінгі бала қызылшаға қарсы егілу керек.



Тұмау

Тұмаудың вирусы әлсіз келеді, жарық түсіп тұрған жерлерде кеуіп тез өледі. Бұл ауру адамнан жоғарғы шырғынды қабығына вирус түсуден пайда болады және ауа, тамшы жолдарымен жұғады. Ауру, әлсіз адамдарға жұккыш келеді.

Тұмау – тез қабылданады, сондықтан бұл ауру тез таралып, жайылып кетеді. Инкубауиялық кезеңі 24-28 сағатка созылады.

Тұмау әдетте кенеттен қатты түрде басталады. Ауруға шалдыққандардың азын-азы сезінуі төмендейді, басы ауырады, жалпы әлсіздік, тұнжыраушылық байқалады, ыстығы көтеріледі. Ауруға шалдыққан алғашқы күндерде жара бездері көбіне байқалмайды, тамақ жыбырлайды, құрғақ жөтел пайда болады. Кейіннен мұрыннан сора ағады. Бұдан кейін кейде бронхит өршиді, тыныс алу қиындап, демікпе пайда болады.

Асқынуы: Бұл көбіне сәбилік шақтағы балаларда болады. Ең жиі ұшырайтын асқыну пневмония, ол ауру басталған алғашқы 2-3 күнде пайда болады.

Пневмония көбінесе ауыр болып өтеді. Көмекей бездерінің зақымдануы тұмаудың қатты асқынуы болып табылады.

Емдеу. Аурудың жазылуына 2-3 күн қалғанда кейін төсекте жату режимі белгіленеді. Балаға жиі-жиі сусын беріледі. Ауыр жағдайларда тұмауға қарсы сыворотка немесе жоғары титрлі антитело бар гамма-глобулин сывороткасы қолданылады. Эпидемия кезінде ұжымды интерферон антибиотиктер қолданылады.



Ыдысды тазарту, маска кию; жуу, чеснок жеу; қолды жуу; ұйықтау.

САРЫ АУРУУ (Вирусты гепатит)

Вирусты гепатит ішек-қарынның жіті ауруларына жатады. Сау адамға тек наукас адам аркылы жұғады.

Гепатиттің тарауына үлкен себепші – ол вируспен залалданған су. Халық ауызсу ретінде және шаруашылыққа пайдаланып отырған ашық су қоймалары да бұған себепші болады. Мұндай жағдайлар су құбырларын жөндеген кездері вируспен залалданған судың су желісіне еніп кетуі аркылы бой алады.

Гепатит вирусы адам ағзасына түскен кезде 10-45 күн бойына, яғни инкубациялық кезеңде аурудың ешқандай белгілерін көрсетпейді. Ол әр түрлі түрде дамиды. Наукас адамдар ішінің бұрап ауыратынын, іштің оң жақ бөлігі мен ұйқы безінің тұсы ісініп тұратынын, іші кеуіп кететінін, тәбетінің төмендейтінін, майлы тамаққа қарай алмайтындықтарын, жүрегі айнып, кейде құсатындарын және шамалы іш өту мен іш жүрмейтін кездері болатынын айтады. Сондай-ақ ауыздарына запыранның дәмі келіп, зәрлерінің түсі кошкылданады. Кейінірек нәжісінің де түсі өзгереді: оның түсі ағарып, сарғылт сұр түске боялады, саз іспетті болады. Осы бастапқы кезеңінде-ақ тексеріс барысында бауырының көлемі ұлғаяды, кейде көкбауыры да үлкейеді.

Ауру басталғанына 7-12 күн болғанда адамның терісі сарғая бастайды. Көз аққабығы, таңдайы, одан кейін кеуде тұсы мен қарын, одан кейінірек бетінің, аяқ-қолының терісі сарғаяды.

Емі: 1. Ауру баланы міндетті түрде ауруханаға жатқызу кажет. 2-3 аптаға төсек режимі тағайындалады.

2. Диета-№5 стол: сүтке пісірілген тағамдар, айран, сүзбе, ірімшік, суға немесе буға пісірілген майсыз сиыр еті, балық, құс еті, жеміс-жидек, көкөніс тағамдары, бал, шырындар.

Күтімі: Палатада таза ауаның жеткілікті болуы, баланың терісінің және шырышты кабаттарының тазалығын, төсекке көп кимылды керек қылмайтын ойындармен ойнауын, диета сақтауын қадағалау.



МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Жаңа жыл, жаңа жыр!»

Тәрбиешілер:
Коргамбекова Д.Р
Тоқан Г.М

Ақтобе-2024

Ертеңгілік тақырыбы: «Жаңа жыл, жаңа жыр!»

Өтілетін күні: 27.12.2024ж

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы

Ертеңгілік мақсаты: Балаларға бұл мерекенің дүние жүзі бойынша барлық халықтың үлкен көңілмен қарсы алатын ерекше мереке екенін ұғындыру. Жаңа жыл туралы әндер, тақпақтар айту, би билеу.

Ертеңгілік көрнекілігі: жаңа жылдық шырша, түрлі-түсті шарлар, жылтыр қорапшалар, ойыншық кәмпіттер, ойынға керекті құралдар.

Қатысушылар: әр түрлі маскарад киімін киген балалар, Бауырсақ, Қасқыр, Түлкі, Қоян, Аю, Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, жүргізуші.

Өтілу барысы: Музыка әуенімен қолдарын былғап бүлдіршіндер шығады.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсінші,

Бәрімізге мына жыл арайлы- деп баршаңызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз.

(Шырша артынан бауырсақ шығады)

Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме балалар?! Мен қайда тап болдым?

Жүргізуші: Сәлеметсің бе бауырсақ?! Бізде бүгін ерекше күн, біз Жаңа жыл мерекесін тойлайын деп келдік. Бауырсақ, сен мұнда не істеп жүрсің?

Бауырсақ: Мені атам мен әжем Жаңа жыл мерекесіне арнап пісірген болатын. Мені суыту үшін терезеге қойған. Мен терезеден секіріп, домалап жерге түстім. Содан домалап келе жатып, сендерге жолықтым. Балалар, сендер қандай әдемі болып кеткенсіңдер, менде сендермен бірге тойлайыншы?

Жүргізуші: Балалар, рұқсат етемізбе?

Балалар: Иаа

Жүргізуші: Балалар, олай болса жаңа жыл мерекесіне арнаған тақпақтарыңды Бауырсаққа айтып берейік?

Айла

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз түр жараса.

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Айзере

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын.

Төрле төрле жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын.

Мансур

Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға

Амели

Жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңа жылда-жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Би билеп барлық бала жүр.

Амина

Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағылған

Міне сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған

Бауырсақ: Бәрекеелді, жарайсындар! Балалар, сендердің шыршаларының шамдары жанбай тұр ғой, шыршасыз қалай тойламақсындар? Қане бәріміз жағып көрейікші.

Жүргізуші: Балалар, шыршамызды жандыру үшін сиқырлы сөздерімізді айтайық, бәлкім шыршамыз жанып қалар?!

«Куант бізді таңырқат, шамдарыңды жарқырат» (шырша жанбайды)

Жүргізуші: Енді қандай амал қолдансақ екен балалар?

Бауырсақ: Мен білемін, шыршаны жағу үшін Аяз атаның сыйқырлы таяғы керек. Мен орманды аралап келдім, жолды жаттап алдым. Сендерді Аяз атаға алып барамын. Жүріңдер, бір-біріміздің артымызға тіркесіп тұрайықта, Аяз атаны ізден қайтайық.

(бір шеңбер айналған соң, балалалар бірінші аялдамаға келгенде қоян секіріп шығады. Бауырсақты бас салып ұстайды)

Қоян: Ойй бауырсақ, мен сені жеймін.

Жүргізуші: Қоянжан, сен бауырсақты жемеші. Біздің балалар саған өз өнерлерін көрсетіп, саған ән айтып берсін...

Ән: «Шырша»

Жүргізуші: Қоян, саған біздің балалардың әні ұнады ма?

Қоян: Иә, өте өнерлі балалар екен.

Жүргізуші: Сен олай болса Жаңа жылды бізбен бірге қарсы ал. (Балалар шеңбер құрып, әрі қарай жүреді, екінші аялдамаға келгенде алдарынан қасқыр ырылдап шығады да бауырсақты бас салады)

Қасқыр: Ыррррр, бауырсақ, мен сені жеймін.

Жүргізуші: Қасеке, сен бауырсақты жемеші. Ашуыңды басып біздің балалардың өнерін таманала оданда

Қасқыр: Олай болса сендердің балаларың ойын ойнай ала ма? Балалардың шапшаңдығын тексеріп көрейін.

Ойын: «Сыйлықтарды жинайық»

(Шарты: Көңілді әуен ойналады, ортаға 2 бала шығады. Екеуі корзиналарына жерге шашылған сыйлықтарды тез жинау керек.)

Қасқыр: Ой, жарайсындар балалар қандай шапшаңсындар.

Жүргізуші: Олай болса Қасеке сенде бізбен бірге Жаңа жылды қарсы ал. Біздің балалар тек шапшаң емес, әрі өнерлі. Ән айтып, би де билейді.

Би: «Конфетки»

(Балалар сапарын ары қарай жалғастырады, аялдамадан аю шығады алдарынан көңіл күйі түсіп түлкі күтіп отырады.)

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, түлкі жан?! Неге көңілсізсің?

Түлкі: Мен сыйлық толы қоржынды тауып алдым, бірақ аша алмай отырмын.

Жүргізуші: Бұл Аяз атаның қоржыны емес пе? Бұны тек Аяз ата ғана аша алады. Сенің көңіл күйіңді көтеру үшін біздің балалар саған арнап би биле берсін.

Алдияр

Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.



МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Мерекеңмен анашым!»

Тәрбиешілер: Тоқан Г.М

Коргамбекова Д.Р

Ақтобе-2025

Тақырыбы: «Мерекеңмен анашым!»

Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ананы құрметтеу, сылай білуге, балалардың бойындағы жеке қабілеттермен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

Музыка әуенімен екі тәрбиеші кіреді. Екі екіден кезекпен балалар инстаграм бейнесіндегі рамкаға келіп фото суретегідей іс қимылдар көрсетіп орындарына отырады.

Жүргізуші-1: -Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес, сөнбейді де.

Жүргізуші-2: -Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Адам бойындағы жақсы қасиет нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған. Сондықтан құрметті асыл аналар, қадірлі әжелер бүгінгі «Мерекеңмен анашым!» атты кешімізді сіздердің құрметтеріңізге арнаймыз.

Жүргізуші-1: Балалар мерекеге арналған өлең шумақтарын айтайықшы.

Амели:

Болсын дейді балалар,
Бақытты өмір, береке.
Әжелер мен аналар,
Құтты болсын мереке!

Ансар:

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Аналарды ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Аруна:

Келді көктем күннің,
Күлімдейді гүлің
Алтын ойлы Анам,
Мерекеніз бүгін!

Сәлден соң сиқырлы дауысы шығады. Құлпырып жайнаған гүл ханшайымы шығады.

Гүл ханшайымы: Сәлем балалар!!!

Жүргізуші-2: Сенің атың кім? Сен мұнда қайдан жүрсін.

Гүл ханшайымы: Балалар сендер мені танымадыңдар ма? Мен хош иісті гүл ханшайымы боламын. Мен көктемді іздеуге шықтым. Бірақ табалар емеспін. Ал орман аңдарынан сұрағанымда олар маған бүршік жарған ағаштардың бұтақтарын байланған ленталардан босатсаң келелі деді.

Жүргізуші-1: Гүл ханшайымы біз мұнда мереке тойлауға келдік дегенмен де саған көмектесуге дайынбыз. Балалар біз гүл ханшайымына мерекені тойлай отыра көмектесеміз бе?

Балалар: ия, жарайды

Жүргізуші-2: Ендеше байланған лентаны (қызыл) шешейік. Балалар мұнда жұмбақ жасырылған екен.

Бала, бала бала деп

Түде шошып оянған,

Т.Раяна

Өзің мен өсірген
Айналайын, ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Шөлдедің бе, Дана әжем?

Айжаркын

Шай қайнатып келейін,
Шекер салып, жан әжем.
Өзім құйып берейін.
Балдай тәтті бал әжем.

Алдияр

Құрт пен майын жинаған.

Балаларға сыйлаған.

Бұл әжемнің өмірі

Таусылмайтын жыр маған.

Жүргізуші-2: Балалар сиқырлы ленталар таусылар емес Гүл ханшайымымен бәріміз бір сергіп ойын ойнайықшы.

Ойын: «Гүл жинау» (жинау:Хамза,Хантөре/ жапсыру:Иманали/Нұрали\Ясина)

(жинау:Арлан, Алыпарслан/ жапсыру:Мадияр, Әл-Карим, Кәусар)

Жүргізуші-1: Балалар енді келесі лентаны (көк) шешіп көрейік. Қызық екен мұнда аспазшының суреті шықты

Гүл ханшайымы: Білем білем мұнда аспазшының қандай болатынын көрсету керек.

Жүргізуші-1: Ендеше балалар аспазшыны билеу арқылы көрсетейік

Би: «Аспазшы»

Жүргізуші-2: Балалар әжелеріміздің де мерекесі ғой ән шырқаймыз ба?

Балалар: Ия

Ән. «Әжетайым»

Жүргізуші-1: Гүл ханшайымы бір үйдің ерке үш қызы болыпты олар аналарына сыйлық дайындап қуантқысы келеді. Қалай қуантпақшы болады көргің келе ме?

Көрініс: «Анамызға сыйлық»

Гүл ханшайымы Балалар біздің бүршік жарған ағашымыздағы ленталар таусылып қалыпты. Енді көктем келе ме?

Музыка әуені қосылады, шуағын шашқан көктем келеді.

Көктем:

Сәлем, сәлем балақайлар

Қуаныңдар алақайлап.

Құстар әнін ала келдім,

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім.

Жүргізуші-2: Амансыңба,Ару көктем! Ұлан байтақ жерімізге қош келдіңіз.

Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер.

Жүргізуші-1: Балалар көктемге арнап ән шырқап береміз бе?

Балалар: Ия

Ән: «Көктемде»

Көктем: Балалар сендердің маған көмектерін қажет себетімде түрлі заттар толып тұр, енді сөмкелерге қажетті заттарды бөлек жинау керек.

Жүргізуші-2: Балалар ендеше аналарымыздың сөмкесіне жинап берейік

Ойын: «Сөмкелер»

Ойын шарты: Балалар қажет және қажет емес жазаттарды ажырата білуі қажет. Аналарының сөмкесінде үнемі болатын заттарды және қыздардың сөмкесінде болатын заттарды ажыратады.

Қыздардың сөмкесіне: (С. Асылым, Т.Раяна)

Аналардың сөмкесіне: (Айжарқын, Мариям)

Аналар мен қыздардың заттарын бөлек реттеу (Ансар, Дәулет)

Жүргізуші-1: Көктем сен білесің бе біздер бүгін аналар, әжелер және қыздардың мерекесін тойлаудамыз. Қыздар мерекеге өздерінің билерін дайындап келді.

Би: «Қуыршақ»

Жүргізуші-2: Бүгінгі мерекеміз өте қызықты өтуде солай ма балалар?

Балалар: Ия

Жүргізуші-1: Балалар аналарымызбен бір қызықты ойын ойнайықшы.

Ойын: «Бөбегінді дауысынан таны»

Ойын шарты: 4 Ана ортаға шығып көздерін жұмады. Сол аралықта 4 ойыншы гүл киімін киіп тізіле бір қатарға тұрады. Аналары көздерін ашып тізілген балаларға қарайды. 1 -ші ойыншы анашым деп айтады. Әр ана өз баласын дауысынан тану қажет. (І. Асылым, Ясина, Айзада, Иманали)

Жүргізуші-2: Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз аман болсын! Ұлдарымыздың қыздарға арнап дайындаған сыйлықтары бар.

Қыздарымызға тарту етейік

Жүргізуші-1: Аналар қалқып бақыт аралында,

Лайым мұң қонбасын жанарыңда.

Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүріңіздер дей келе балаларыңыздың аналарына арнаған сыйлықтарын қабыл алыңыздар.



Instagram

МКҚК №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Наурыз келді алақай!»

Тәрбиешілер: Тоқан Г.М

Коргамбекова Д.Р

Ақтобе-2025

«Наурыз келді алақай!»

Тақырыбы: «Наурыз келді алақай!»

Максаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші-1

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Осыншама жақсылық,
Алып келдің Наурызым!
Төрлет бізге нұр болып,
Шуақ шашып нұр жүзін!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Тәрбиеші-2 Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды! (Наурыз қыз музыкамен ортаға келеді)

Наурыз қыз: Мен наурыз қызбын

Қыздарымда қасымда
Ұлыс күнге жетті міне асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдін
Босағасын атташы

Тәрбиеші-1 Рақмет, Төрлетіндер, дастархан басына жайғасыңдар.

Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.

Тәрбиеші-2 Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше «Көктемде» туралы ән шырқайық

Ән: Көктем

Тәрбиеші-1 Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: - Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

- Балалар бізге Наурызда келіп қалыпты.

Көктем: - Мен Көктеммін өзіммен бірге аналар мерекесін және ұлыстың ұлы күні наурыз мерекелерін ала келдім. Мерекелеріңіз мерекеге ұлассын.

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Айзере

Наурыз-бұл мереке
 Құтты болсын береке
 Қыдыр ата келсін
 Жақсы тілек әкелсін

Т.Раяна

Той думанға келініз,
 Таманалап көрініз,
 Ән айтайық бәріміз,
 Қол сөғайық бәріміз.

Тәрбиеші-2 Ой балалар жарайсындар, бәрекелді.

Тәрбиеші-1: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Еңлеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)

ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)

- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаныраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлые оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!

- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсындар?

- Дұрыс айтасындар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ

- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?

- 7 түрлі

- Қане атап беріндерші?

- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз

- Дұрыс айтасындар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аптықтан аман алып қалған.

- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм тағыңыздар.

(ата – аналар алдына үстел қою, Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)

ӘЖЕ: Мына наурыз мерекесіне бір әдемі кілемшені әшекейлеуді бастап елім, аяқтай алмай қойдым. Мына көзде көрмейді, кәрілікте келді. Балалар маған көмектесіп жібересіңдер ме? Келіңдер, отырыңдар – деп жерге отырады

(Әже жерге отырып, кілемшені жайып, оюларын жанына қойып, қалай жасау керек екенін көрсетеді.)

Тәрбиеші-2: Әрине, балалар әжеге көмектесеміз бе? Әже, сіз көрсетіп отырыңыз, қайсысын қай жерге орналастыру керек екенін. 4 бала шығару ()

ӘЖЕ: Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін, көп жасаңдар. Қандай тамаша кілемше болды – деп жайып көрсетеді

Тәрбиеші-1: Балалардың өнерін тамашалаңыз, Наурыз мерекесіне өлең шумақтарын арнайды:

Г Асылым

Мариям



№ 41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша
жүргізілген жұмыстар**

№ 9 «Балапан» ортаңғы тобы

2024-2025 оқу жылы

13.09.2024 «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаптен жаркын әлемге» акциясы жүргізілді



20.09.2024 «SMART BALA» жобасы аясында «Өнертанқыштыққа алғашқы қадам» құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті ұйымдастырылды



18.10.2024 «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы
аясында
«Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды



18.10.2024 «Еңбегі адал – жас өрен»
жобасы аясында
«Күзгі асар» жәрменкесі ұйымдастырылды



7.11.2024 «Бағдаршам және біз»

Сюжеттік-рөлдік драмалау ойындары ұйымдастырылды



**Ұлттық ойындар ұлт қазынасы.
Біртұтас тәрбие бағдарламасы.
Аталар және Әкелер мектебі" жобасы**

Жобаның мақсаты — білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік құндылықтары мен құзыреттерін қалыптастыруда отбасы, мектеп, әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау.




20.12.2024 «Еңбегі адал - жас өрен»
жобасы аясында.

«Шырша ойыншықтары»

Тәрбиеленушілер қалдық және табиғи материалдарды пайдалана отырып ата-аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрменке өткізілді.




10.01.2025 «Қыста, құстарды
тамақтандырайық» жемсауыт жасау



25.02.2025ж


«Жаңа өмір сыйлайық»

Қалдық заттардан жасалған қол өнер
бұйымдарының көрмесі.



28.02.2025ж

«Ізгіліктің бір ізі - алғыс» челледж



«Ұлттық мәдениет-ұлттық киімдер» челленджі
ұйымдастырылды 10.03.2025ж



ҰЙЫМДАСТЫР...



«Қамқор» жобасы аясында
«Су – өмір көзі» бейне роликтер байқауы
ұйымдастырылды

28.03.2025жыл



❤️ 15 💬 3 ▼ 1



det_sad.41 №9 «Балалар» ортауы тобы
"Қамқор" жоба аясында "Су – өмір көзі"
тақырыбында Шәукәбіле Айдіңір анасының
қолдауымен іс қолымен гүл өтуде.



❤️ 13 💬 3 ▼ 1



det_sad.41 «Біртүтіп тәрбиесі» "Қамқор" жобасы
аясындағы "Су өмір көзі" экологиялық акция
№9 «Балалар» ортауы тобы
Сәліп Аруна ақсақалымен

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында
«Шын жүректен кітап сыйла»
челленджі ұйымдастырылды

01.04.2025жыл



«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында
«Мамандықтар әлемі»
сюжеттік-рөлдік ойындар

10.04.2025жыл



1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күніне
"Бір шаңырақ астында"
атты тақырыптық сағат өткізілді

30.04.2025 жыл



9 мамыр - "Жеңіс күні" мерекесі
"Болашағы мықты Жас ұлан" тақырыптық сағат өткізілді
06.05.2025жыл

